

**Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 19 наурыз N 217. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.07.29. N 941 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:  
Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер - министрі  
Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 19 наурыздағы  
N 217 қаулысымен  
Бекітілген  
Қазақстан Республикасының Ғылым және  
жаңа технологиялар министрлігі туралы  
Ереже

1. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі Министрлік) республиканың ғылымы мен техникасы саласында мемлекеттік саясатты әзірлейтін және жүргізетін республикалық мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. Министрлік өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Министрлік заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген әрі өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар.

4. Министрліктің негізгі міндеттері:  
республикада ғылым мен техниканы дамытудың жайы мен перспективаларын талдау, ірі ғылыми-техникалық және аймақтық проблемаларды шешуде ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттарын айқындау, ғылыми мекемелердің оңтайлы жүйесін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

ғылым мен техниканы дамыту мәселелерінде министрліктердің, ведомстволардың, концерндердің, ассоциациялар мен өндірістік бірлестіктердің қызметін үйлестіру және оларға ғылыми-әдістемелік көмек көрсету;

инновациялық қызметтің әралуан нысандарын дамытуға жәрдемдесу, ғылыми-техникалық салада экономикалық тетікті жетілдіру, ғылым мен техниканың басым бағыттары бойынша республикалық, мемлекетаралық және халықаралық ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру мен іске асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

ғылыми және ғылыми-педагог кадрларын даярлау, ғылыми-техникалық салада мамандарды қайта даярлау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

информатика мен есептеу техникасы саласында мемлекеттік саясатты жүргізу, осы заманғы есептеу құралдары мен ақпараттық технологиялар негізінде басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін жасау;

қорғаныс мақсатындағы кәсіпорындар мен объектілерде жүргізілетін ғылыми, конструкторлық және технологиялық жұмыстарға басшылық ету әрі үйлестіру;

министрлік жүйесінде өнертабыс пен патент-лицензия жұмысын ұйымдастыру мен жетілдіру, республикалық патент қорын қалыптастыру;

республикада ғылыми-техникалық прогресті дамытуға жұмсалатын шығындарды негіздеу, ұлттық ғылыми орталықтар шеңберінде ғылымды, мақсатты және кешенді ғылыми-техникалық бағдарламаларды, іздестіру бағдарламалары мен техникалық жобаларды қаржыландыруға республикалық бюджеттен, сондай-ақ, Ғылым қорын қоса, қаржыландырудың басқа да көздерінен бөлінетін қаражатты бөлу мен оның ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету;

ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік жүйесін жетілдіру, ғылым мен техника жетістіктерін, сондай-ақ олардың нәтижелерін республиканың халық шаруашылығында пайдаланылуын насихаттау;

ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге бағытталатын ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтің хұқықтық және нормативтік тәртібін белгілейтін заң актілерінің, ережелері мен нұсқамаларының жобаларын әзірлеу;

ғылыми интеллектуалдық меншікті қорғау, инновациялық қызмет, ғылыми қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, ғылымды өндіріспен тұтастыру жүйесін жетілдіру, ғылыми-техникалық өнімдердің рыногын қалыптастыру;

ғылым мен жаңа технологиялар саласында мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылады.

5. Министрлік өзінің қызметін орталық мемлекеттік басқару органдарымен, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясымен, республиканың

мамандандырылған академияларымен, басқа да ғылыми қоғамдастықтармен, бағыныштылығы мен меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырады, республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін біріктіру мен дамытуға жәрдемдеседі.

6. Министрлік Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің белгіленген тәртіппен оған табысталған хұқығына сәйкес қарамағындағы кәсіпорындардың мемлекеттік мүлкіне иелік етуді, оны пайдалану мен басқару ісін жүзеге асырады.

7. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:  
ғылым, техника және жаңа технологиялар саласында мемлекеттік тапсырыс беруші функциясын жүзеге асырады;

мақсатты және кешенді салааралық, мемлекеттік және мемлекетаралық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру мен іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

ғылымға және ғылыми-техникалық прогреске қажетті шығындарды негіздейді, республикалық бюджеттен және ғылымды қаржыландырудың басқа да көздерінен бөлінген қаражатты шоғырландырады, қаржылық қаражаттың бөлінуін бекітеді және оның ұтымды пайдаланылуына бақылау жасайды;

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының, республиканың мамандандырылған ғылым академияларының, жоғары оқу орындарының, салалық ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және ғылым мен техника саласындағы басқа да ұйымдардың қызметін үйлестіреді.

#### 8 . М и н и с т р л і к к е :

іргелі және қолданбалы зерттеулерді, ғылыми-техникалық тұжырымдамаларды қаржыландыру үшін, ғылымға икемделген өндірістерді дамыту, ғылым қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, конкурстар өткізу үшін Ғылым қорының қаражатын пайдалануға;

өз құзыры шегінде ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындарды, ұйымдарды және оның қарамағындағы басқа да бөлімшелерді құру, қайта құру және тарату;

барлық ғылыми ұйымдардан, олардың ведомстволық бағыныштылығы мен меншік нысанына қарамастан, белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты сұрату ж ә н е а л у ;

сараптау жүргізу және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды қаржыландырудың тәртібін белгілеу;

министрлік құратын сараптау комиссияларының, жұмыс топтарының қызметіне олардың ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, кәсіпорындар мен ғылыми ұйымдардың өкілдерін белгіленген тәртіппен тарту хұқы беріледі.

9. Министрлікті лауазымға Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын Ғылым және жаңа технологиялар министрі басқарады.

Министрдің орынбасарлары лауазымдарына Министрдің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды.

10. Министрлікте құрамында Министр (төраға), Министрдің орынбасарлары, Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болатын алқа құрылады.

Министрлік алқасының жеке құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

11. Алқа Министрліктің басқарушы органы болып табылады, ол Министрліктің ағымдағы қызметінің негізгі мәселелерін, аса маңызды бұйрықтардың, нұсқамалар мен басқа да нормативтік құжаттардың жобаларын қарайды, республиканың технологиялық серпінін қамтамасыз ету жөніндегі перспективалар мен шараларды айқындайды, қабылданған шешімдердің орындалуына бақылау жасайды.

12. Министрлік жанында дербес құрылымдық бөлімше хұқысындағы Мемлекеттік бас ғылыми-техникалық сараптама іс-қимыл жасайды.

13. Министрлікте Министр басшылық ететін Ғылыми-техникалық кеңес құрылады. Кеңестің құрамы Министрліктің жауапты қызметкерлерінен, сондай-ақ ғалымдар мен халық шаруашылығының мамандарынан жасақталады. Ғылыми-техникалық немесе кеңес туралы Ережені Министр бекітеді.

14. Ғылым мен жаңа технологиялар Министрі: осы Ережеде Министрлікке жүктелген міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді ;

белгіленген лауазымдық жалақыларға қарай еңбекке ақы төлеудің бөлінген қоры шегінде Министрлік қызметкерлерінің штаты мен жалақы мөлшерін бекітеді ;

Министрдің орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөледі; Министрлік қызметкерлерін, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын жұмысқа алады және лауазымдық міндеттерінен босатады ;

Министрліктің бюджеттік қаражатының мақсаты бойынша пайдаланылуын жүзеге асырады және оған бақылау ұйымдастырады;

Министрлік жұмысының регламентін, алқа туралы Ережені, біліктілік лауазымдық талаптарды, қызметкерлерге аттестациялау өткізу тәртібін, сондай-ақ Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жарғыларын бекітеді.

Ескерту. 14 тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМҚ-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

15. Министр және оның орынбасарлары Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жеке дара жауап береді.

16. Министрлікті ұстау шығындары республикалық бюджет есебінен

қ а м т а м а с ы з

е т і л е д і .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК